

"1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 9 қаңтар N 21

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімді бекіту туралы

2000 жылғы 20 маусымда Мәскеу қаласында жасалған 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа

қатысушы мемлекеттердің арасындағы Әскери-техникалық
ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер,

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың мақсаттары мен қағидаттарын басшылыққа ала отырып,

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздігі жүйесін қалыптастыруда өзінің іс жүзіндегі ынтымақтастыққа даярлығын қуаттай отырып,

әскери-техникалық ынтымақтастықтың ұжымдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастырудағы аса маңызды факторлардың бірі екендігін тани отырып,

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың ережелерін іс жүзінде іске асыру мақсатындағы әскери-техникалық ынтымақтастықты ұйымдастыру барысында Тараптардың арасындағы өзара қарым-қатынастардың негізгі қағидаттарын о р н ы қ т ы р у

м а қ с а т ы н д а ,
т ө м е н д е г і л е р т у р а л ы к е л і с т і :

1 - б а п

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төменде аталған терминдер мыналарды білдіреді:

әскери-техникалық ынтымақтастық - әскери мақсаттағы өнімнің әкелілуі мен әкелінуіне, оның ішінде жеткізілімі мен сатып алынуына, сондай-ақ әскери мақсаттағы өнімді әзірлеу мен өндіруге байланысты халықаралық қатынастар саласындағы і с - ә р е к е т ;

уәкілетті органдар - қарамағына әскери-техникалық ынтымақтастықты мемлекеттік реттеу мәселелері жататын, ұлттық заңдармен белгіленген мемлекеттік басқару о р г а н д а р ы ;

әскери-техникалық ынтымақтастықтың субъектілері Тараптардың әскери мақсаттағы өнімге қатысты сыртқы сауда қызметін жүзеге асыруға ұлттық заңнамаға сәйкес құқық берілген мемлекеттік органдар және/немесе ұйымдар;

әскери мақсаттағы өнім - қару-жарақ, әскери техника, құжаттама, жұмыстар, қызмет көрсетулер, интеллектуалдық айрықша қызметтің нәтижелері, оның ішінде оларды иелену құқықтар (интеллектуалдық меншік) және әскери-техникалық саласындағы ақпарат, сондай-ақ Тараптардың ұлттық заңнамасымен, нормативтік құқықтық актілерімен әскери мақсаттағы өнімге жатқызылатын кез келген басқа өнім;

әскери мақсаттағы өнімнің жеңілдік шарттарымен жеткізілімдері - Тараптардың әскери-техникалық ынтымақтастығы субъектілерінің арасындағы келісім-шарттарда белгіленетін және өздерінің қажеттіліктері үшін Тараптардың ұлттық қарулы күштері сатып алатын әскери мақсаттағы өнімге арналған бағалардың негізінде қалыптасатын бағалар бойынша әскери мақсаттағы өнімнің жеткізілімдері.

Әскери мақсаттағы өнім Тараптардың қарулы күштерінің қолындағы барынан жеткізілген жағдайда, бағалар оның сақталуына, оған қызмет көрсетілуіне, тасымалдауға және жеткізілімді жүзеге асыруға байланысты басқа да шығыстар бойынша шығындарды есепке алумен оның қалдық құнының негізінде есептелінеді.

2 - б а п

Егер тиісті халықаралық шарттарда басқаша көрсетілмесе, әскери мақсаттағы өнімнің жеңілдік шарттарымен жеткізілімдері ұжымдық қауіпсіздік аймақтарындағы көп жақты күштер мен құралдардың құрамына бөлінетін ұлттық әскери құрамалардың мүдделеріне орай 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартты іс жүзінде іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.

Аталған жеткізілімдер Тараптардың уәкілетті органдарымен келісілген және Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі бекіткен тізбелердің негізінде, Тараптардың әскери-техникалық ынтымақтастығы субъектілерінің арасында жасалатын келісім-шарттар (шарттар) бойынша іске асырылады.

3 - б а п

Әскери-техникалық ынтымақтастықтың субъектілері осы Келісімге сәйкес әскери мақсаттағы өнімнің жеңілдік шарттарымен жеткізілімдерін жүзеге асыру кезінде, халықаралық сауда тәжірибесінде белгіленген шарттар мен еркін айналыстағы валютадағы есеп айырысу нысандарын қолданады.

4 - б а п

Әскери мақсаттағы өнімнің жеңілдік шарттарымен жеткізілімдерін және өндірісін қаржыландыру үшін түсетін аванстық төлемдерге осы Келісімді іске асыру мақсатында қ о с ы м ш а қ ұ н с а л ы ғы с а л ы н б а й д ы .

5 - б а п

Осы Келісімді іске асыру мақсатында жеңілдік шарттарымен жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді тасымалдау кезінде Тараптар өздерінің қарулы күштеріне арналған

әскери мақсаттағы өнімнің осындай тасымалдануы үшін белгіленген, тасымалдаудың және/немесе транзиттің, оның көліктің кез келген түрімен тасымалдануы және/немесе транзиті тарифін қоса алғандағы шарттарын қолданады.

6 - б а п

Тараптар ұжымдық қауіпсіздік аймақтарындағы көп жақты күштер мен құралдардың құрамына бөлінетін осы Келісімнің шеңберінде ұлттық әскери құрамалардан жеңілдік шарттарымен жеткізілген әскери мақсаттағы өнімді, сондай-ақ осы Келісім мен осы Келісімнің 2-бабында көзделген келісім-шарттарды орындау барысында жеңілдік шарттарымен алынған және/немесе сатып алынған әскери мақсаттағы өнімді, жеткізуші Тараптың алдын-ала жазбаша келісімінсіз басқа ұлттық әскери құрамаларға, шетелдік мемлекеттерге, жеке және заңды тұлғаларға немесе халықаралық ұйымдарға сатпайтын және бермейтін болады.

Жеткізуші Тарап осы Келісімнің шеңберінде жеткізілген әскери мақсаттағы өнімді мақсатты пайдалануға бақылау жасауға құқылы. Мұндай бақылаудың тетігі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болатын жеке Хаттамада анықталады.

Осы баптың ережелерін бұзған Тарап өнімді жеткізген Тарапқа жеткізілген өнімнің бағасы мен тәрізді өнімнің әлемдік рынокқа жеткізілімдері барысында қалыптасқан бағасының арасындағы айырмашылықты еркін айналыстағы валютамен үш ай мерзімде т ө л е й д і .

7 - б а п

Тараптар осы Келісімді іске асыру барысында алынған, Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз е т е д і .

Кез келген Тараптың мүддесіне нұқсан келтіретін болса, осы Келісімнің шеңберіндегі ынтымақтастық барысында алынған ақпаратты пайдалануға болмайды.

8 - б а п

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде алынған әскери мақсаттағы өнімнің/ақпараттың, сондай-ақ осы Келісім күшіне енгенге дейін алынған әскери мақсаттағы өнімнің/ақпараттың ішінара және толық интеллектуалдық немесе өнеркәсіптік меншіктің нысаны болуы мүмкін екенін және бұл тұрғыдан ол берген Тараптың айрықша немесе басқа құқығының объектісі болып табылатындығын таниды.

Аталған әскери мақсаттағы өнімді/ақпаратты алған Тарап, оның рұқсатсыз пайдаланылуы және/немесе интеллектуалдық және/немесе өнеркәсіптік меншікке

Тараптар уәкілеттік бермеген заңды және жеке тұлғалардың беруші Тараптың келісімінсіз қол жеткізген жағдайында жауапкершілік көтереді және өз мемлекетінің заңнамасы шеңберінде, сондай-ақ өздері қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес оның құқықтық және басқа қорғалуының тиісті шараларын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

9 - б а п

Тараптардың бірі 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттан шыққан жағдайда, ол Тараптармен келісілген мерзімде аталған әскери мақсаттағы өнімді осы Келісімнің шеңберінде жеткізген Тарапқа, әскери мақсаттағы өнімнің бағасы мен сондай өнімнің әлемдік рынокқа жеткізілімдері барысында қалыптасқан бағасының арасындағы айырмашылықты еркін айналыстағы валютамен, пайдаланған әр жыл үшін осы өнім жеткізілімінің келісім-шарттарында (шарттарда) еркін айналыстағы валютаға баламалы сомада көрсетілген шегерімін ұстап қалумен өтейді.

Тараптар осы Келісімнің 6-бабында және осы бапта көзделген өтемдерді төлеуге к е п і л д і к б е р е д і .

1 0 - б а п

Тараптардың кез келгені осы Келісімнің ережелерін оның мақсаттарына қол жеткізуге зиян келтіретіндей бұзған жағдайда, басқа Тараптар Келісімнің немесе оның жекелеген ережелерінің сол Тарапқа қатысты іс-әрекетін тоқтата тұру және оған осы Келісімнің 9-бабында көзделген өтемдерді төлеуді талап ету туралы шешім қабылдауға қ ұ қ ы л ы .

Осы Келісімнің ережелерінен туындайтын міндеттемелерді Тараптардың бірі орындамаған жағдайда, соның салдарынан өз мүддесіне зиян келді деп санайтын Тарап өзі мен тиісті Тараптың арасындағы осы Келісімнің іс-әрекетін толық немесе ішінара тоқтата тұру немесе тоқтату туралы мәлімдей алады.

1 1 - б а п

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты даулар мүдделі Тараптардың арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі. Егер мұндай консультациялар мен келіссөздердің басталған кезінен 6 (алты) ай ішінде мүдделі Тараптардың арасындағы келіспеушіліктерді реттеудің немесе талаптарды қанағаттандырудың сәті түспеген жағдайда, Тараптар бұл дауды Шартқа қатысушы мемлекеттердің Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің немесе Қорғаныс министрлері кеңесінің қарауына береді немесе олар мақсатты деп санайтын дау шешудің басқа

ж о л ы

т у р а л ы

к е л і с е д і .

1 2 - б а п

Кез келген Тарап шығуынан 6 ай бұрын өзінің ондай ниеті туралы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің Алқасына жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Келісімнен шыға алады. Келісім осы Тарапқа қатысты өзінің іс-әрекетін, сондай хабарлама алған күннен бастап 6 айдан кейін тоқтатады.

Осы Келісімнің іс-әрекетін тоқтатуға байланысты туындайтын барлық даулы мәселелерді Тараптар келіссөздер арқылы реттейтін болады. Бұл орайда осы Келісімнің 6, 7, 8, 9 баптарының ережелері, осы Келісімнің іс-әрекетін тоқтатуға байланысты туындайтын барлық даулы мәселелерді мүдделі Тараптар келіссөздер жолымен реттегенге дейін күшінде қалады.

1 3 - б а п

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағанын растайтын төрт жазбаша хабарламаны Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің Алқасы алған күннен бастап күшіне енеді және де осы туралы ол 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың барлық қатысушыларын хабардар етеді және аталған Шарттың іс-әрекеті мерзімінің ішінде күшінде болады.

Осы Келісім қажетті мемлекетішілік рәсімдерді кейінірек орындаған Тараптар үшін Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің Алқасына тиісті жазбаша хабарламасын тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

1 4 - б а п

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуімен осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын және жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Мәскеу қаласында 2000 жылғы 20 маусымда бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Осы Келісімнің түпнұсқа данасы 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің әрқайсысына оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің Алқасында сақталады.

Армения Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Беларусь Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін

Қазақстан Республикасы үшін Тәжікстан Республикасы үшін

Беларусь Тарапының 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімге ескертпесі

8-баптың ережесі кеңестің кезеңдегі өнімге қатысты қолданылмайды.

Беларусь Республикасының
Премьер-Министрі

Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі бас хатшысының
ақпараты

Беларусь Республикасының 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімге қол қоюы барысында қол жеткізілген Беларусь және Ресей Тараптарының өзара уағдаласуы бойынша Келісімнің 8-бабына қатысты Беларусь Республикасының ескертпесіне қатысты екі тарап сарапшыларының екі жақты консультациялары жүргізілетін болады.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы
мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің
шешімі

2000 жылғы 20 маусым, Мәскеу қаласы

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімнің жобасы туралы

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері

былай деп шешті:

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімнің (қоса тіркелген) жобасы мақұлдансын және ол Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің үкіметтері басшыларының қарауына ұсынылсын.

Армения Республикасының Сыртқы істер министрі Қырғыз Республикасының
Сыртқы істер министрі Сыртқы істер министрі

Беларусь Республикасының Сыртқы істер министрі Ресей Федерациясының
Сыртқы істер министрі Сыртқы істер министрі

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Тәжікстан Республикасының
Сыртқы істер министрі Сыртқы істер министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.